

Ашық сабақ

5 «Ж» сыныбы.

Тақырыбы:

Жай бөлшектерді қосу және азайту.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Жай бөлшектер мен ондық бөлшектерді қосу және азайтуды меңгерту және жүйелеу. Біліктерін логикалық оймен іске асыра білу.

Дамытушылық: Ойлау қабілеттерін, өз беттерімен жұмыс жасауын дамыту, математикаға деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Алған білімдеріне жауапкершілікпен қарауға, өз мүмкіндігіне сенуге, үлкен жетістікке ұмтылуға үйрету.

Сабақ типі: жаңа материалды игерту

Сабақ түрі: аралас сабақ

Көрнекілігі: интерактивті тақта,
презентация, оқулық, тапсырмалар.

Сабақ әдісі: сұрақ, есептер шығару.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

*II. Үй тапсырмасын
тексеру.*

III. Ой қозғау.

IV. Жаңа сабақ.

V. Бекіту

VI. Бағалау.

VII. Қорытынды.

VIII. Үйге тапсырма беру.

*I. Ұйымдастыру кезеңі –
оқушылармен сәлемдесу,
сыныпты түгендеу.*

*II. Үй тапсырмасын
тексеру.*

№484, №485, №486

Сұрақтар.



1.Жай бөлшектің бөлімі нені көрсетеді?

2.Жай бөлшектің алымы нені көрсетеді?

3.Қандай бөлшек бұрыс бөлшек деп аталады?

4.Қандай бөлшек дұрыс бөлшек деп аталады?

1. 45 оқушының $\frac{1}{3}$ - і жақсы оқиды. Неше оқушы жақсы оқиды?
2. Фигураның қандай бөлігі боялған.




3. Бөлшекті қысқарту:

$$\frac{4}{8}; \frac{15}{25}; \frac{45}{25}; \frac{250}{150}; \frac{40}{400}$$

Сөзжұмбақ шешу:

1. Алымы бөліміне тең немесе алымы бөлімінен үлкен бөлшек.
2. Бөлшек сызығының астындағы сан.
3. Бөлшек сызығының үстіндегі сан.
4. Ең кіші жай сан.
5. Координаталық сәуледегі тандап алынған кесінді.



III. Ой қозғау

*Үстел үстінде үш стақан шие тұр.
Асқар бір стақан шиені жеп қойды.
Неше стақан қалды?*

IV. Жаңа тақырып.

1. Жай бөлшектерді қосу.

Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосқанда олардың алымдарын қосып, алым етіп, ал сол бөлімнің өзін қалдыру керек.

$$\frac{a}{c} + \frac{b}{c} = \frac{a+b}{c}$$

Мысалы: $\frac{7}{12} + \frac{3}{12} = \frac{7+3}{12} = \frac{10}{12}$

Жай бөлшектерді азайту.

Бөлімдері бірдей жай бөлшектердің айырымын табу үшін бірінші бөлшектің айырымынан екінші бөлшектің алымын азайтып, айырымның мәнін алымына жазып, бөлімін өзгеріссіз бөліміне жазу керек.

$$\frac{a}{c} - \frac{b}{c} = \frac{a - b}{c}$$

Мысалы:
$$\frac{7}{9} - \frac{5}{9} = \frac{7 - 5}{9} = \frac{2}{9}$$

Бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу үшін:

1) бөлшектерді ең кіші ортақ бөлімге келтіру керек;

2) бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу ережесі бойынша қосу амалын орындау керек.

Мысалы:

$$\frac{1}{21} + \frac{3}{5}$$

қосындысын табайық. ЕКОЕ(21,5)=105

$$\frac{5/1}{21} + \frac{21/3}{5} = \frac{5 + 63}{105} = \frac{68}{105}$$

Егер жай бөлшектерді қосу және азайту кезінде шыққан бөлшек:

1. Бұрыс болса, онда оны аралас санға айналдырамыз, яғни бүтін бөлігін айырамыз
2. Қысқартылатын болса, онда оны қысқартамыз.

Мысалы,

$$\frac{3/3}{8} + \frac{4/5}{6} = \frac{9 + 20}{24} = \frac{29}{24} = 1\frac{5}{24}$$

Еценмер:

$$\frac{2}{5} + \frac{3}{5} = \frac{5}{5} = 1$$

$$\frac{3}{7} - \frac{2}{7} = \frac{1}{7}$$

$$\frac{7}{20} - \frac{3}{20} = \frac{4}{20}$$

$$\frac{1}{9} + \frac{5}{9} = \frac{6}{9} = \frac{2}{3}$$

$$\frac{3}{20} + \frac{7}{20} = \frac{10}{20} = \frac{1}{2}$$

$$\frac{6}{23} - \frac{2}{23} = \frac{4}{23}$$


№497. Қосындының мәнін табыңдар.

$$1) \frac{1}{10} + \frac{1}{100} = \frac{11}{100}; \quad \frac{27}{100} + \frac{7}{10} = \frac{97}{100}; \quad \frac{4}{5} + \frac{7}{10} = \frac{15}{10} = \frac{3}{2};$$

$$\frac{2}{3} + \frac{5}{9} = \frac{11}{9}; \quad \frac{15}{24} + \frac{1}{6} = \frac{19}{24}; \quad \frac{5}{9} + \frac{2}{27} = \frac{17}{27}.$$


Сабақты бекіту.

- 1. Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайту амалдары қалай орындалады?*
- 2. Ал бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу және азайту амалдары қалай орындалады?*



- 1. Фигураның қандай бөлігі қызыл түспен боялған?**
- 2. Қандай бөлігі көгілдір түспен боялған?**
- 3. Боялған бөліктерді қосамыз. Қандай нәтиже шықты?**

Шелуи:



$$\frac{1}{2} + \frac{1}{2} = \frac{1/1}{2} + \frac{1/1}{2} = \frac{2}{2} = 1$$

Ecenmer:

$$\frac{1}{2} + \frac{1}{2};$$

$$\frac{2}{3} + \frac{1}{3};$$

$$\frac{3}{8} + \frac{5}{8};$$

$$\frac{2}{5} + \frac{1}{2};$$

$$\frac{2}{3} + \frac{1}{4};$$

$$\frac{4}{5} + \frac{3}{10};$$

$$\frac{1}{4} + \frac{5}{6};$$

$$\frac{2}{7} + \frac{1}{3};$$

Үйге тапсырма:



№502, №504, №506.

Қорытынды

Бүгінгі жай бөлшектерді қосу және азайту тақырыбын өту арқылы оқушылар өткен сабақтағы жай бөлшектер туралы қайталап, нысықтап, еске түсіріп алды. Оқушылар жай бөлшектерді қосу және азайту тақырыбын өту барысында жай бөлшектерді қосу, азайту кезінде ортақ бөлімге келтіруді игерді.

Назарларыңызға рахмет!